



Ауданың ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылды әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 22 шешімі. Қостанай облысының Эділет департаментінде 2016 жылғы 6 мамырда № 6341 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 18 бабының 8 тармағына сәйкес Алтынсарин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауданың ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға, келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылды көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

K. Сарбасов

Алтынсарин аудандық

мәслихатының хатшысы

B. Есмуханов

"Алтынсарин ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Е. Павлюк